

Бекітемін
«Аяна» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: К.Керимбаева



«Аяна» бөбекжай балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі
отырысының жұмыс жоспары
2022-2023оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Әдістемелік кеңесінің №1 отырысы Күн тәртібінде: 1.Педагогикалық үдерістің жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: -Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг ; -Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау: -Электрондық портфолио жинақтау 2.Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру. 3.Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау. 4.Ата-аналармен жұмыс түрлерімен таныстыру. 5.Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру. 6.Жыл бойы ай сайын үздік қызметтерді интернет желісіне жариялау. 7. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек 2022ж	Хаттама
2	Әдістемелік кеңесінің №2 отырысы Күн тәртібінде: 1.Тәрбиешілермен педагогтарға номенклатураға сәйкес құжаттарын таныстыру 2.Балалардың әлеуметтік жағдайын талқылау 3.ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстыру 4.Балалардың балабақшаға келуінің пайыздық көрсеткіштері 5.Біліктілік арттыру курсына баратын тәрбиешілердің және пән мұғалімдерінің тізімі 6.Ертеңгіліктердің іс-шарасымен таныстыру, бекіту 7.Циклограмманың дұрыс түзілуін түсіндіру 8.Ағымдағы мәселелер	Қараша 2022ж	Хаттама

3	Әдістемелік кеңесінің №3 отырысы Күн тәртібінде: 1.Біліктілік санатын алған тәрбиешілерді анықтау. 2.Қыс мезгіліндегі сауықтыру шараларын түзу, бекіту. 3.ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстыру. 4.Ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі. 5.Ертеңгіліктерге талдау жүргізу. 6.Ағымдағы мәселелер	Қаңтар 2023ж	Хаттама
4	Әдістемелік кеңесінің №4 отырысы Күн тәртібінде: 1.Ұлттық біліктілік тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау 2.Портфолиосын рәсімдеу 3.Мерекелерге сай топтарды безендіру, іс-шара жоспарларын бекіту 4.«Салт-дәстүр» елімнің қазынасы» Қолөнер көрмесі 5.«Қош келдің Әз-Наурыз» іс-шарасы 6.Номеклатураға сәйкес құжаттардың дұрыс жүргізілуі 7.Ағымдағы мәселелер	Наурыз2023ж	Хаттама
5	Әдістемелік кеңесінің №5 отырысы Күн тәртібінде: 1.Жазғы оқу кестесін түзу, ұсыныс пікірлер қарау 2.Күн тәртібінің дұрыс орындалуы 3.Мектепке кететін балалар тізімін анықтау 4.Мектепке даярлығын бақылау 5.Жаңадан қабылданатын балалар тізімін жасақтау 6.Қауіпсіздік шаралары туралы ата-аналарға брашура тарату 7.Ағымдағы мәселелер	Мамыр 2023	Хаттама

ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасы

№1 Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №1

Уақыты : 06.09.2022ж

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Қатысқаны: 20

Себебтісі: 1

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық үдерістің жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:
 - Перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг ;
 - Өзіндік білім көтеру тақырыптары мен жоспарын талқылау;
 - Электрондық портфолио жинақтау
2. Әдістемелік кеңес жұмыс жоспарын таныстыру.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасау.
4. Ата-аналармен жұмыс түрлерімен таныстыру.
5. Мектепке дейінгі мекемеде қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстыру.
6. Жыл бойы ай сайын үздік қызметтерді интернет желісіне жариялау.
7. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша әдіскері Жанар Садыкова 2022-2023жаңа оқу жылының №1 әдістемелік кеңес отырысын бастады, қатысушылар саны -20. Күн тәртібінде барлық педагогтарға таныстырылды, биылғы өзгерістерге байланысты яғни жаңа стандарт, бағдарламадағы өзгерістерге сәйкес педагогтардың құжаттарына өзгеріс енгізілгенін айтыптаныстырды. Нақты айтқанда мектепке дейінгі білім беру педагогтары негізі 3 құжатты толтыру керектігі айтылды, олар перспективалық құжаттар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.және де айта кететін жағдай биылғы жылы балабақша білімқидс порталымен жұмыс жасайтын болады, педагогтардың перспективалық жоспарлармен циклограммасы сайтта беріледі. Тағыда бір айта кететін жайт ол е- портфолио. Барлық педагог қызметкерлер сайтқа trk.portfolio.kz сайтына кіріп тіркеліп білім туралы , жетістіктері туралы, біліктілік курстары туралы барлық мәліметті осы электрондық портфолиоға салуға болатындығын айтып түсіндірді. Екінші мәселе бойынша әдістемелік кеңес жоспарын педагогтарға таныстырып өтті, яғни жыл бойы атқаратын жұмыстарды таныстырды. Үшінші мәселе бойынша биылғы жылы 2022 жылы 75 балабақшаға қабылданды , яғни 3жасқа толғандар. Ортаңғы Қызғалдақ, Құлыншақ және Балдәурен топтарына қабылданды. Ауыр бейімделуге жататын бала жоқ , бейімделу көбінде жеңіл және орташа өтіп жатыр. Ата -аналар бұрын балабақшаға бармаған балаларын үйрету мақсатында түске дейін қалдырып 3 күн бақылап жүр.

Төртінші мәселе бойынша ата -аналармен жұмыс түрлерімен таныстырды. Мәселен дөңгелек үстелдер , жиналыстарға шақыру қағаздарын беру, ата - анаға ыңғайлы уақытты таңдау , жеке кездесу, жас ата -аналармен кездесу, әжелермен кездесу ұйымдастыру, әлеуметтік жағдайларына мән беру, ертеңгіліктерге қатыстыру, байқауларға қатыстыру.

Бесінші мәселе бойынша балабақшада қолданылатын әдістемелік құралдармен таныстырды. Дамытушы ортаның топтарда міндетті түрде болу керектігі және кітап бұрышы, табиғат бұрышы, ұлттық бұрыштардың болуы керектігі айтылды. Жетінші мәселе бойынша ай сайын үздік қызметкерді интернет желісіне жариялап отыратындығын айта кетті.

Тәрбиеші Салтанат Садыбаева сұрақ қойды: билимкидс порталымен қалай жұмыс жасаймыз ?

Сайытқа қалай кіреміз?

Әдіскер: Білім кидс порталымен жұмыс жасауға Ордабасы ауданы адами әлеуметтік дамыту басқармасынан ұсыныс түскен болатын, қазіргі уақытта Ордабасы ауданының 15 дей балабақшалары жұмыс жасап жатыр . Барлық педагогқа жеке логин пароль беріледі, сайытқа кіріп ертегілерді кітаптарды көрсетсеңіздер болады. Тәрбиеші Сандуғаш Үрімбек сұрақ қойды: Біз тестке қай уақытта бараламыз ?

Әдіскер: Біліктілік тестіне портфолиоларыңыз сәйкес келсе бара аласыздар және уақытысы жеткен педагогтар өтініш бере алады.

Шешімі:

1. Әдістемелік кеңес отырысы бір апта бұрын өткізілетін күн ескертілсін.
2. Топтарда маркировка, бала тізімі, балалардың ұлты жынысы туралы мәлімет ай сайын бекітілсін.
3. Билимкидс сайтымен жұмыс жасалсын.
4. Республикалық, облыстық, қалалық байқауларға тәрбиеленушілерді қатыстыру.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



К. Керимбаева

Г. Абдикаримова

ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №2

Уақыты: 23.11.2022

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқаны:18

Қатыспағаны:2

Күн тәртібінде:

1. Тәрбиешілермен педагогтарға номенклатураға сәйкес құжаттарын таныстыру
2. Балалардың әлеуметтік жағдайын талқылау
3. ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстыру
4. Балалардың балабақшаға келуінің пайыздық көрсеткіштері
5. Біліктілік арттыру курсына баратын тәрбиешілердің және пән мұғалімдерінің тізімі
6. Ертеңгіліктердің іс-шарасымен таныстыру, бекіту
7. Циклограмманың дұрыс түзілуін түсіндіру
8. Ағымдағы мәселелер

Жылдық жоспарға сәйкес №2 педагогикалық кеңесті балабақша әдіскері Садыкова жанар бастады. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша жаңадан келген тәрбиешілерге номенклатураға сәйкес құжат толтыру тәртібімен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша балалардың әлеуметтік жағдайы талқыланды, балабақшада тұл жетім бала жлқ, мүгедек бала жоқ. Анасы жоқ балада жоқ екендігі анықталды. Балабақшада 200 бала бар. ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz парталының балатізімі бірдей. 3 пен 5 жас аралығындағы балалар қамтылғандығы айқындалды. Балалардың балабақшаға келу пайыз көрсеткіші 82,4%

Бесінші мәселе бойынша біліктілік курсына жіберілетін педагогтардың тізімі анықталды. Досмуратова Алима, Садыкова жанар, Абдикаримова Гулжан, Керимбаева Куралай

Алтыншы мәселе бойынша ертеңгіліктерді түзген кезде тақырыбын, мақсатын сәйкестендіру, балалардың киімдеріне мән беру, соғыс туралы көріністер қойдырмау, көңілді әуендермен жасына сай ән мен билерді қою, ертеңгіліктерге ата-аналарды қатыстыру ұсынылды.

Жетінші мәселе бойынша циклограмманың дұрыс түзілуін түсіндірді., мәселен балабақшада екінші таңғы ас пен кешкі астың жоқ екендігі таңғы сағат 8.00 –ден кешкі 18.30-ға дейін жұмыс уақыты екендігі ескертілді.

Досмуратова Алима сұрақ қойды: балалардың төлем ақысын өзіміз төлесек болама?

Жауабы: Егер жазбаша өтініш жазса ғана болады, кәспи мен халық банкпен төлеуге болады.

Шешімі:

1. Әдістемелік кеңес отырыс бір апта бұрын өткізілетіні ескертілсін
2. Күнделікті таңғы жаттығу уақытылы орындалсын
3. Жеке даму картасына сәйкес жұмыс ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



К.Керимбаева

Хатшы:

Г.Абдикаримова

ЖШС « Аяна » бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3

Уақыты: 25.01.2023 ж

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 2

Себептісі:1

Күн тәртібінде:

1. Біліктілік санатын алған тәрбиешілерді анықтау.
2. Қыс мезгіліндегі сауықтыру шараларын түзу, бекіту.
3. ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстыру.
4. Ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі.
5. Ертеңгіліктерге талдау жүргізу.
6. Ағымдағы мәселелер

Балабақша әдіскері кезекті әдістемелік кеңес отырысын ашық деп жариялады. Күн тәртібін таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша 2022 жылы біліктілік алған педагогтың жоқ екендігін анықтады. Екінші мәселе бойынша қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары түзіліп, тәрбиешілерге таныстыстырылды. Үшінші мәселе бойынша ҰБДҚ және balabaqsha.snation.kz сайттарындағы бала тізімін салыстырған кезде тізімде айырмашылық жоқ екендігі 200 бала екендігі, ай сайын тізімдер сайттардан алынып отыратындығын айтты. Төртінші мәселе бойынша ортаңғы топтарда дидактикалық ойындарды қолданудың тиімділігі туралы баяндама оқылып, ойын түрлері таныстырылды. Мысалға: Таратпа материалдар балапандар, тауық, көкөністер, жемістер, сандар, геометриялық пішіндерді көрсетті. Бесінші мәселе бойынша жаңа жылдық ертеңгіліктерге талдау жүргізілді. Ортаңғы «Құлыншақ» тобының жаңа жылдық ертеңгілігі орта деңгейде өтті, балалар ата-аналарын көріп мазасызданғанын және бахила мен маска киіп келу ескертілмегендігін айтып өтті.

Ортаңғы «Қызғалдақ» тобында ертеңгілік жақсы өткендігі, балалар қыс мезгілі туралы түсінік алып, Аяз ата мен Ақшақарды танып тақпақтарын айтып жағымды эмоциямен қайтқандығы айтылды, және екі ортаңғы топты салыстырып қарағанда «Қызғалдақ» тобының балалары зерек шапшаңдау қимылдап, тақпақты анық айтты.

Ересек «Күншуақ» тобының балалары өте белсенді қатысып, байқауларға қатысқан балалар марапаттарын алып қайтқандығы, ата-аналардың риза болып қайтқандығы айтылды.

Ересек «Қошақан» тобының балалары тақпақтарын айтып, ойынға қатысып, персанаждармен еркін ойын ойнады. МАД «Балақай» тобының балалары ән мен билерді жақсы орындап шықты. Ескертетін жағдай персанаждар киімдерін

сәйкестендіріп, бет бояуларын сәйкестендіріп, сөздерін алдын-ала жаттап айтуы керек.

Сұрақ: Аширова Балнұр: Бірінші санаттан педагог-модераторға өтуге болады ма? Қалай өтеміз? Тестке барамызба?

Жауап: 2022 жылдың 30 желтоқсан күні № 533 бұйрығына сәйкес бірінші санат пен жоғары санат педагогтары тест тапсырмай педагог-модераторға портфолио тапсыру арқылы өтуге болады, және жұмыс Ситсен сайтынан жеке кабинет ашып, портфолио сол жерде толтырылады.

Шешімі:

1. Мобильді кітапхана бұрышын барлық топта ұйымдастыру.
2. Өрт қауіпсіздігіне байланысты ойындар ойнату.
3. Тәжірибе алмасу мақсатында педагогтардың бір-бірінің іс-әрекеттеріне қатысуына ықпал жасау.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Қ.Керимбаева

Хатшы:  Г.Абдикаримова



ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №4

Уақыты: 27.03.2023

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 2

Күн әртібінде:

1. Ұлттық біліктілік тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау
2. Портфолиосын рәсімдеу
3. Мерекелерге сай топтарды безендіру, іс-шара жоспарларын бекіту
4. «Салт-дәстүр» елімнің қазынасы» Қолөнер көрмесі
5. «Қош келдің Әз-Наурыз» іс-шарасы
6. Номенклатураға сәйкес құжаттардың дұрыс жүргізілуі
7. Ағымдағы мәселелер

Балабақша әдіскері жанар Садыкова әдістемелік кезекті отырысын ашық деп жариялады. Барлық қатысқан педагог саны-18. Күн тәртібі таныстырылды.

Бірінші мәселе бойынша ұлттық біліктілік тестілеуден өтетін тәрбиешілермен педагогтардың тізімін анықтау. Теске баратын педагогтар Досмуратова Алима, Садыкова жанар, Абдикаримова Гулжан, Керимбаева Куралай. Аталған 4 педагогтың барлығы Педагог-модераторға тапсыратындығын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша портфолио тапсыру бойынша электрондық портфолионы тапсыру кезінде жеке куәлік, диплом, санаты, жетістіктерін және жеке тәжірибе алмасу құжаттарын тапсыру қажет екендігін ескертті.

Үшінші мәселе бойынша мереке кезінді кезекшілік ұйымдастыру, өрт қауіпсіздігін сақтай отырып, балалардың денсаулықтарын ескере отырып, мерекелік іс-шараларды өткізу қатаң бақылауға алынатындығын ескертті.

Төртінші мәселе бойынша «Салт-дәстүр елімнің қазынасы» қолөнер көрмесінде қызғалдақ тобы сырмақ, жастықтар, тұмарша жасап ерекше көзге түсті.

Бесінші мәселе бойынша «Қош келдің Әз-Наурыз» іс-шарасы ата-аналардың үш топтың ортаңғы «Қызғалдақ», «Құлыншақ», «балдәурен» қатысуымен өткізілді. Ата-аналарға концерттік бағдарлама өткізілді, Ұлттық ән-би, ойындар ойнатылды. Ата-аналардың ризашылықпен алғыстарын білдірген.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиешілерге номенклатураға сәйкес құжаттарды жинақтау ескертілді. Мәселен перспективалық жоспар, циклограмма, жеке даму картасын толтыру бойынша кеңес берілді.

Тәрбиеші: Садыбаева Салтанат сұрақ қойды: Балабақшадан мектепалды топ балаларын қашан шығуға болады?

Әдіскер: балалбақшадан балалар 1 маусым мен 1 тамыз аралығында шығуға болады.

Шешім:

1. Мектепке кететін балалар тізімін анықтау
2. Ата-аналарға балаларды кезекке қою туралы ақпарат беру
3. Топтарда дамытушы орта ұйымдастыру.

Кеңес төрайымы:



К.Керимбаева

Хатшы:

Г.Абдикаримова

ЖШС «Аяна» бөбекжай балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №5

Уақыты: 17.05.2023

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқаны:19

Қатыспағаны:1

Күн тәртібінде:

1. Жазғы оқу кестесін түзу, ұсыныс пікірлер қарау
2. Күн тәртібінің дұрыс орындалуы
3. Мектепке кететін балалар тізімін анықтау
4. Мектепке даярлығын бақылау
5. Жаңадан қабылданатын балалар тізімін жасақтау
6. Қауіпсіздік шаралары туралы ата-аналарға брашура тарату
7. Ағымдағы мәселелер

2022-2023 оқу жылының кезекті әдістемелік кеңес отырысы ашық деп жариялады. Отырыс барысында күн тәртібінде қаралатын мәселелер таныстырылды. Күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіне сәйкес балаларды сыртта қабылдау, серуенге уақытылы шығару, кешке балаларды серуенге шығару. Мектепке кететін балаларды анықтау барысында «Ботақан» тобынан-25, «Балақай» тобының -25 бала.Барлығы-50. Балалардың мектепке даярлығын «балақай» тобының қорытынды мониторингінен байқалатынын ескертті. Биылғы жаңа оқу жылында балабақшаға 2020ж туылған 75 бала қабылданатындығын айтып өтті. Күннің жылуына байланысты отбасылық демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында ата-аналарға түсіндірмен жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Суда жүзу кезіндегі қауіпсіздік шаралары, өрттің алдын алу , үйде балаларды жалғыз қалдырмауға шақырады. 18 жасқа толмаған балаларға балаларды алып қайтуға, ішімдік ішіп келген ата-аналара балаларды алып қайтуға тиым салынсын деп ескертті.

Сұрақ: тәрбиеші Тәжітай Бахытгүл: Балалар бақшадан шықпай қыркүйек айына дейін жүруге болама?

Жауап: Әдіскер: Балаларды топтан ауыытыру 1 тамыз бен 31 тамыз аралығында. Сол себепті тек 1 тамызға дейін жүруіне болады

Сұрақ: Қасмырза Нұрзада: балалар қай уақытта қоштасып кетеді?

Жауап: Әдіскер: 31 мамыр күні Қоштасу ертеңгілігі, 1 маусым Балаларды қорғау күні

Шешім:

1. Топтардың тізімін толықтыру
2. Мониторинг қорытындысын анықтау
3. Жеке даму картасын толтыру
4. 1-Маусым Балаларды қорғау күніне іс-шара ұйымдастыру
5. Жазғы маусымға сәйкес іс-шараларды уақытында ұйымдастыру
- 6.

Кеңес төрайымы:



К.Керимбаева

Хатшы:



Г.Абдикаримова